

## **"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 7 маусым N 391-І

1-бап. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Z970094\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1 ) 2 - б а п т а :

үшінші абзац "тұрғын үй, пәтер" деген сөздерден кейін үтір қойылып, " жатақханадағы бөлме" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац "студенттер" деген сөзден кейін "(курсанттар, аспиранттар)" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 13-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік тұрғын үй қоры жатақханаларындағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды оларда тұрақты тұратын азаматтар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жекешелендіруі мүмкін. Бұл орайда жалпы пайдаланудағы тұрғын емес үй-жайлар және үйдің бөлек (жеке) меншіктегі емес және ортақ мүлік болып табылатын өзге бөліктері барлық меншік иелерінің ортақ меншігіне өтеді.

Аталған тұрғын үй-жай берілген азамат қайтыс болған жағдайда, жекешелендіру құқығы, егер қайтыс болған адамның бұған құқығы болған болса, қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

Мерзімді еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша жұмыс істейтін адамдарға, оқу кезеңінде студенттерге (курсанттарға, аспиранттарға) және оқушыларға берілген жатын орындық үлгідегі, сондай-ақ бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайлар жекешелендіруге ж а т п а й д ы . " ;

3) 32-баптың 3-тармағы "тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "не мемлекеттік тұрғын үй қоры жатақханаларындағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4) 98-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тұрғын үй қоры жатақханаларындағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды жекешелендіру ерекшеліктері осы Заңның 13-бабына сәйкес белгіленеді." ;

5) 112-баптың бірінші бөлігі "курсанттар" деген сөзден кейін ", аспиранттар" деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6) 114-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы ереже еңбек шарты (келісім-шарт) немесе жергілікті атқарушы органдардың

және кәсіпорындар (мекемелер) әкімшіліктерінің өзге де шешімдері негізінде мемлекеттік тұрғын үй қоры жатақханаларындағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларда тұру құқығын алған адамдарға, сондай-ақ қоныстанған кезінен бастап осы Заң күшіне енгенге дейін іс жүзінде тұрып жатқан басқа да адамдарға қолданылмайды."

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК